

# АЛТЫН САНДЫ





# ТУРА МАҒЫНАЛЫ СӨЗ ТІРКЕСІН ТАБЫҢЫЗ.

- А. Ақ көбейді.
- В. Асыл ой.
- С. Жұмыстың аяғы.
- D. Ақ көйлек.
- E. Суық хабар.

# АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАДАҒЫ ТІРКЕСТІ КӨРСЕТІҢІЗ

- А. Күліп қарау.
- В. Есепті шығару.
- С. Есікті қағу.
- D. Жауабын табу.
- E. Иманы ұшу.

АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАДА ТҰРҒАН  
СӨЗДІ КӨРСЕТІҢІЗ.  
БҰЛАҚТЫҢ КӨЗІН АШУ - ИГІ ІС.

- А. Бұлақтың.
- В. Көзін.
- С. Игі.
- Д. Ашу.
- Е. Іс.

# АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАЛЫ СӨЗІ БАР ҚАТАРДЫ БЕЛГІЛЕҢІЗ

- А. Шапанның етегі
- В. Камзолдың етегі
- С. Таудың етегі
- D. Көйлектің етегі
- E. Киімнің етегі

# ТУРА МАҒЫНАЛЫ СӨЗДІ ТАБЫҢЫЗ.

- А. Ол ойды мен өсірген емеспін.
- В. Үлкенді-кішілі өзендер көп.
- С. Өскеменге қарай бет түзейді.
- D. Сапар – өмірдің баспалдағы.
- Е. Дүние желі қатты соқты.

# ТУРА МАҒЫНАЛЫ СӨЗДІ ТАБЫҢЫЗ.

- А. Баспасөз – қоғамның құлағы, тілі.
- В. Құлағым ауырып жүр.
- С. Құлақ етін жеді.
- Д. Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетеді.
- Е. Құлақ салды.



# ТУРА МАҒЫНАЛЫ СӨЗДІ ТАБЫҢЫЗ.

- А. Бұл іс менің қолым екен.
- В. Көкеңе айтарсың, қолы ұзын адам емес пе?
- С. Өз қолымен берді.
- D. Қолдың қысқалығынан бұл жолы да мардымды ештеңе бере алмады.
- Е. Әділ, Шалабайлар – байдың қол шоқпары.

# ТУРА МАҒЫНАСЫНДА ТҰРҒАН СӨЗДІ КӨРСЕТІҢІЗ

- А. Ана тілі – асыл қазына.
- В. Өрт – тілсіз жау.
- С. Ана тілімізді құрметтейік.
- Д. Тілге жүйрік шешендер бас қосты.
- Е. Байқаусызда тілін тістеп алды.

# СӨЗДІҢ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАСЫН ТАБЫҢЫЗ.

- А. Қарындашын ұштау.
- В. Қайланы ұштау.
- С. Шеберлікті ұштау.
- D. Таяқты ұштау.
- Е. Найзаны ұштау.

# АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАЛЫ СӨЗДІ КӨРСЕТІҢІЗ.

- А. Араны қайрау
- В. Пышақты қайрау
- С. Қайшыны қайрау
- Д. Орақты қайрау
- Е. Жігерін қайрау

АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАЛЫ СӨЗ  
ҚАТЫСҚАН СӨЙЛЕМДІ  
КӨРСЕТІҢІЗ.

- А. Желдің жылы лебі білініп тұр.
- В. Күн жылына бастады.
- С. Бөлме жылы және жарық екен.
- Д. Жылы киім тәнді жылытады.
- Е. Жылы сөз жанды жылытады.

# АУЫСПАЛЫ ЖӘНЕ КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗ ҚАТЫСҚАН СӨЙЛЕМДІ КӨРСЕТІҢІЗ.

- А. Достарыңа кең пейілің мен ақ тілеуіңді көрсет.
- В. Шатқалдан шаңқылдаған құс дауыстары естіледі.
- С. Ақ қар басқан биік тау аспанмен тіресіп тұрғандай.
- D. Жиналғандар кең бөлмеге жайғасты.
- Е. Иесін көргенде бұрыл ат басын шұлғи ыңыранып қоя берді.

## КӨП МАҒЫНАҒА ИЕ БОЛАТЫН СӨЗ ҚАТЫСҚАН ҚАТАРДЫ КӨРСЕТІҢІЗ

- А. Қыран бүркіт ұясын биік шыңға ғана салады.
- В. Ана – асыл жан.
- С. Күншығыстан күн көтеріліп келеді.
- D. Гүлдер, жапырақтар жел лебімен тербеледі.
- Е. Көктем айы басталды.

# ТУРА МАҒЫНАЛЫ СӨЗ ҚАТЫСҚАН ҚАТАРДЫ ТАБЫҢЫЗ

- А. Көкірегіне ащы өксiк тығылды.
- В. Бұрыштың ащы дәмінен көзіне жас келді.
- С. Ащы айқай құлақты жарып жібере жаздады.
- D. Ащы тіл жүректі жаралайды.
- E. Ащы да – тіл, тәтті де – тіл.



ТУРА МАҒЫНАЛЫ СӨЗ ҚАТЫСҚАН ТІРКЕСТІ  
БЕЛГІЛЕҢІЗ.

- А. Науқастың беті бері қарады.
- В. Тілектің беті қызарып кетті.
- С. Беті ауған жаққа кете берді
- Д. Боранның беті қайтты.
- Е. Алға қарай бет түзеді.

# «ТӨРКІН» СӨЗІНІҢ БАСТАПҚЫ ТУРА МАҒЫНАСЫН АНЫҚТАҢЫЗ.


- А. Істің төркіні.
- В. Қыздың төркіні.
- С. Ойдың төркіні.
- Д. Мәселенің төркіні.
- Е. Сөздің төркіні.



# ЖАРАЙСЫҢДА



ҚАЙТАДАН  
ОЙЛАНЫП КӨР



Қарашаның жиырма екісі  
Сынып жұмысы

# ҒАЖАЙЫП

# ТАШТА




бейнероликке назар  
аударайық!

<https://www.youtube.com/watch?v=32g6bmZL4R4>

Адасқан сөздер  
арқылы сөйлем  
құрастырыңыздар.













# Көз жаттығуы



## **Оқылымнан кейінгі деңгейлік тапсырмалар.**

**1-деңгей.** Әр топ өз мәтінінен синонимдер, антонимдер, омонимдер табады.

**2-деңгей.** Берілген жұмбақтардың шешімін тауып, оларды орыс, ағылшын тіліндегі баламаларды жазып, айтады.




ағаш

дерево

tree





□ Нан

□ Хлеб

□ Bread

**МЯС**

**О**



**Е  
Т**

**МЕА  
Т**



сүт

МОЛОКО

milk

ҮІ  
тапсырмасы:

«Өз қиялымдағы ағаш»  
тақырыбында өз  
идеямызды А4 қағазына  
сурет салу арқылы  
кеткізу.



# Рефлекси

Я

Біз бұл сабақта есту мүшесі арқылы естіп, есте сақтадық;



Біз бұл сабақта көру мүшесі арқылы қызығушылығымыз артты;



Біз бұл сабақта сөйлеу мүшесі арқылы өз ойымызды жеткіздік;



Біз бұл сабақта қолымыздан келгенін жасадық.

